



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

8D03117- Клиникалық және әлеуметтік психология

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

PhD докторларын даярлау: клиникалық және әлеуметтік психология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік тәжірибелер саласындағы кәсіби мәселелерді шешу

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

1. Білім берушілік (педагогикалық): білім алушыларды оқыту және эмоционалды дамыту, оқыту мен тәрбие беру үрдісін психологиялық тұрғыда қолдау, диагностика, түзету, психологиялық-педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, денсаулық психологиясы саласындағы инновациялық тәжірибені зерттеу және қолдану.
2. Оқу-тәрбиелік: кәсіптік және корпоративті этика нормаларын сақтай отырып, білім алушылардың психикалық және психологиялық дамуын үйлестіріп, салауатты өмір салтын оңтайландырудың формалары мен әдістер кешенін таңдау және қолдану.
3. Оқу-технологиялық: білім алушылардың психикалық, психологиялық және соматикалық денсаулығын түзету үшін оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру мекемесінде әлеуметтік-психологиялық қызметті жобалау.
4. Әлеуметтік-педагогикалық: білім беру ұйымдарында оқушылардың ақыл-ой қоры мен бейімделу қабілеттерін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау.
5. Эксперименттік-зерттеу: қазіргі клиникалық және медициналық психологиялық ғылым мен практика жетістіктерін талдауға негізделген ғылыми зерттеудің міндеттерін, әдістері мен мақсаттарын тұжырымдауды жүзеге асырады.
6. Ұйымдастыру-басқарушылық: оқытудың интерактивті және цифрлық әдістері мен инновациялық технологиялар негізінде, психологиялық кадрларды даярлау барысында білім беру үрдісі мен ортасын іске асыра алу және бағалай білу қабілеті мен дайындығы.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - клиникалық және әлеуметтік психолог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын *түсінеді*, отандық және әлемдік жетістіктерді ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын *ұйымдастырады*.

ОН2 - Балалар мен ересектердің жағымсыз психикалық жағдайлары мен дезадаптивті мінез-құлқына психологиялық көмек көрсетуде психологтың этикалық кодексін *сақтайды*.

ОН3 - тұлғаны дамытудың био-әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамасын *практикалық тұрғыда түсіндіреді*, әлеуметтік-психологиялық сараптама әдістеріне, психотерапиялық әдістер мен әдістемелерді меңгерген.

ОН4 - зерттелетін нысанның биологиялық, әлеуметтік, когнитивті және аффективті компоненттерін ескере отырып, психологиялық диагнозды *негіздейді*.

ОН5 - қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын анықтайтын жеке, топтық мәдени және әлеуметтік айнымалыларды *талдайды*, психотерапиялық әсер ету әдістерін *біледі*.

ОН6 - әлеуметтік және клиникалық психология саласындағы қолданбалы қызметте жаңа әдістерді *жасайды* және *бейімдейді*, оларды жоғары рейтингті журнал жарияланымдарында ғылыми негіздейді.

ОН7 - диагностика, тексеру, кеңес беру және психокоррекция *дағдыларын қолданады*, дағдарыс және экстремалды жағдайларда клиникалық және психологиялық көмек *көрсетеді*.

ОН8 - өмір және бұзылыс анамнезін, психикалық статустың сипаттамаларын жинауды *жүзеге асырады*, патопсихологиялық диагностика мен сараптама тәсілдерін *қолданады*.